

## **ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ ТАЛАПТАРЫ ОРЫНДАЛҒАН КЕЗДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Какимов Аңсаған Жақсылықұлы**

[Rar.97@inbox.ru](mailto:Rar.97@inbox.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті Құқықтану мамандығының  
1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылымы жетекші: з.ғ.д., профессор Қ.Ж.Балтабаев

Қылмыстық жауапкерліктен босатудың бұл түрі қылмыстық құқықбұзу жасаған адамды қылмыстық қудалау органдарымен және сотпен ынтымақтастыққа келуге ынталандыруға бағытталған.

ҚР ҚПК 7-баб. 37)-тармағына сәйкес процестік келісім – бұл қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында Қылмыстық-процестік кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

ҚР ҚПК 612-бабы бойынша жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру:

А) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

Б) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Демек, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім прокурор және онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс жасаған адам арасында тараптардың әрбірі өздеріне ауыр қылмыс жасаған адам арасында тараптардың әрбірі өздеріне белгілі бір міндеттемелер алу үшін және оларды беогіленген мерзімде орындауы үшін жасалады. Жасалған қылмысты толық ашу және дер кезінде тергеп-тексеру процестік келісімнің мақсаты болып табылады. Мысалы, күдікті немесе айыпталушы процестік келісім жасалған соң қылмыстан келген мүліктік залалды өтеу, қылмысты жасағаны туралы кінәсін мойындау сияқты міндеттемелер алуы мүмкін. Прокурор тарапынан сотта айыпталушыға немесе күдіктіге қатысты қолданған бұлтартпау шарасын қысқарту немесе өзгерту, жазаның түрі мен мөлшерін анықтау туралы өтінішхаттар міндеттеме бола алады.

ҚР ҚПК 615-бабы бойынша кінәсін мойындау нысанындағы процестік келісім қылмыстық іс бойынша күдіктінің, айыпталушының, сотталушының немесе прокурордың бастамасымен соттың кеңесу бөлмесіне кетуіне дейінгі кез келген сатыда жасалуы мүмкін.

ҚР ҚПК 618-бабы бойынша ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап және үкімді орындау сатысын қоса алғанға дейін мәлімделуі мүмкін. Ол аса ауыр қылмыстар, топ құрамында жасалған қылмыстар, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстар бойынша жасалады.

Ынтымақтастық туралы процестік келісім бойынша қылмыстық жауапқа тартылатын адам қылмыстың ашылуы мен тергеп-тексерілуіне ықпалдасу туралы міндеттеме алады.

Қылмыстың ашылуына ықпал ету аталған қылмысты жасаған адамдар туралы, олардың тұрғылықты жері туралы ақпатар беру, кінәсін дәлелдейтін мәліметтер беру және т.с.с түрінде болуы мүмкін. Мысалы, адам өзінің кінәсін мойындайтын айғақтармен қатар қылмыстың басқа сыбайластарын да әшкерелейді.

Қылмыстың тергеп-тексерілуіне ықпал ету жасалған әрекеттің оқиғасын, басқа да мән-жайларын анықтауда, қылмыс затын, қаруын іздеуде және қылмыстың сыбайлас қатысушыларын іздестіруде, олардың әрбірінің рөлін анықтауда сәйкес органдарға көмектесуді білдіреді.

ҚР ҚПК 619-бабында ынтымақтастық туралы процестік келісім жасау тәртібі реттелген.

ҚР ҚПК 621-бабына сәйкес, облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – ҚР Бас Прокуроры, оның орынбасары ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіткеннен кейін ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған прокурор жасалған келісімнің нысанасы болып табылатын қылмыстардың ашылуын ұйымдастыруға және кінәлі адамдардың әшкереленуіне дереу шаралар қолданады, сондай-ақ күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында жасалған немесе ынтымақтастық туралы келісім нысанындағы процестік келісім аясындағы қылмыстық істердің тергеп-тексерілуінің, істің сотта қарастырылуының тәртібін, ынтымақтастық туралы процестік келісімнің жасалуына байланысты үкімнің қайта қаралу тәртібін ҚР ҚПК реттейді. Қылмыстық жауапкерліктен босатудың бұл түрі шынайы өкінуге байланысты қылмыстық жауапкерліктен босатуға ұқсас келеді. Сондықтан ҚР ҚК 65-бабын қолдануға негіз болғанда шынайы өкінуге басымдықты берген жөн, өйткені процестік келісім шарттарын орындаудағы қылмыстық жауапкерліктен босатудың процестік тетігі заңнамада әзірше мүқият реттелмеген [1, 427-430б].

ҚР ҚПК 7-бабының 37-тармақшасына сәйкес, процестік келісім дегеніміз – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚР ҚПК 13 бөлімінде (63, 64-тараулар) көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім. Процестік келісім – бұл іс бойынша ерекше іс жүргізу үшін негіз болып табылады. Мұндай іс жүргізудің артықшылығын Ж. Әбенова атап көрсетеді. Ол: «процестік келісім қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетеді, сот талқылауын жеңілдетеді, сондай-ақ сот актілерін орындауды жылдамдатады. Өйткені, кінәні мойындау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясында жасалған қылмыс бойынша мән-жайлардың тез және тиімді түрде анықталуына, дәлелдемелерді өз еркімен беруге көмектеседі. Нәтижесінде келісімдік іс жүргізу тәртібінде жеңілдетілген тәртіпте істі сотта қарау сияқты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру де қысқа мерзімде аяқталады.

Бұдан ары қарай Ж.Әбенова былай деп көрсетеді: «кінәні мойындау туралы мәмілені жасағанда жәбірленуші де ұтымды жағдайда болады, өйткені ол үшін келтірілген зиянды өндіріп алу маңызды» [2, 88 б.].

Процестік келісім аясында іс жүргізудің ұтымды жағын айта келе В.И.Самарин: «бүгінгі таңда тек құқық қорғау органдары мен қылмыстық қудалау органдарының қызметіне ғана сарқа сүйеіп, қылмыстылықтың көптігіне тиімді түрде қарсы тұру мемлекетке қиын екендігіне назар аударады. Процестік келісімнің енгізілуі, іс бойынша сотқа дейінгі

тергеп-тексеруді ғана емес, сондай-ақ сотта іс жүргізуді де едәуір жеңілдетеді және процестік мүмкіндіктерді ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қолдануды көздейді» дейді [3, 23 б.].

Осылайша, процестік келісім – бұл іс бойынша іс жүргізудің ерекше түрі. ҚР Жоғарғы Сотының берген түсінігіне сәйкес, процестік келісім – бұл сотта іс қараумен байланысты, қылмыстық-процестік заңмен реттелген, қылмыстық сот ісін жүргізудің түрі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша өкілетті субъектілердің арасында және басқа да субъектілердің арасында болатын құқықтық қатынастардың жүйесі.

Қысқартылған тәртіп – бұл қылмыстық сот ісін жүргізу субъектілеріне заңмен жүктелген әрекеттер жиынтығы.

Іс жүргізу – тәртіпке қарағанда кеңірек ұғым. Тәртіп – бұл әртүрлі процестік әрекеттермен жүргізілуі мүмкін іс жүргізудің әдісі. Тәртіп өзіне заңмен көзделген процестік әрекеттердің тәртібін ендіреді.

Бұл ұқсас ұғымдар емес.

ҚР ҚПК тиісті ережелерін талдау, процестік келісімнің екі нысанын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- 1) кінәні мойындау туралы мәміле;
- 2) ынтымақтастық туралы келісім.

Бұл мәмілелер тек қана қылмыс орын алған жағдайда ғана жасалады. Процестік келісімдер қылмыстық теріс қылық жасаған адамдардың істері бойынша жасалмайды.

Энциклопедиялық тұрғыда кінәні мойындау туралы мәміле – мойындаудың формальды түрінің бірі. Классикалық мысал болып, сот талқылауының дереу аяқталуы мен айыптау үкімін шығаруға алып келетін, америкалық қылмыстық процестегі plea-bargaining табылады. Бұл мәмілелердің негізінде жатқан идея, қарапайым-даулы фактідегі дауды мойындау, даудың аяқталуына алып келеді, яғни бәсекелестік процесінің де тоқтауына әкеліп соғады. Шын мәнінде, кінәлілікті мойындау туралы мәміле – бұл заңдық презумпция, өйткені ол жасалған кезде шартты түрде, айыпталушы кінәлі деп саналады. Кінәні мойындау туралы мәміледе құқықтық сана-сезімнің белгілері бар, олардың басты мақсаты – процестік үнемдеу үшін тезірек даулы мәселені «алып тастау», сондай-ақ жазаны жеңілдету. Бұл да, басқасы да нақты түрде шындыққа жетудің мүддесінен алыстау....

АҚШ-да 80-нен 99% дейін фелония туралы істер бойынша кінәні мойындау туралы мәміле жасау негізінде қарап шешіледі. Мұндай жағдай, мәміле жасау арқылы, ең болмағанда аз ғана істер бойынша толық сот процедураларының үнемделуімен түсіндіріледі.

Әртүрлі әдеби және анықтамалық қайнар көздерде қаралып отырған процестік жағдайдың бекітілуіне байланысты айырмашылықтар бар: кінәлілікті мойындау туралы мәміле. Кінәні мойындау туралы мәміле. Бірақ мағынасына қатысты емес. Бір сөздікте, АҚШ және әр түрлі басқа да елдердің қылмыстық процесінде кінәні мойындау туралы мәміле – айыпталушы мен қорғаушының арасындағы келісім, соның нәтижесінде кінәні мойындағаны үшін айыптау тарабының қылмыстық заңның бабы бойынша айыптауды «жеңілірек» етіп қайта саралауға міндеттелігін білдіреді деп көрсетілген... Ресей қылмыстық сот әділдігінің қағидаттарына қайшы келсе де, РФ-да Мұндай тәжірибе кеңінен қолданылады.

Кінәні мойындаудың формальды сипатына мына белгілер жатады:

- процесс барысында тараптардың бір жағының фактіні мойындау туралы жасаған мілімдемесі, осыған байланысты басқа тараптың өзінің талаптары мен қарсылықтарын негіздеуі;

- мұндай мәлімдеудің негізінде, басқа тараптың бұл фактіні негіздеу қажеттілігінен босатылуы;

- бір тараптың бұл фактіні мойындауының негізінде осы фактінің дәлелденгеніне теңестіру.

Тарихи түрде формальды мойындаудың әртүрлі түрі қалыптасқан. Оларға мыналар жатады: 1) кінәлілікті мойындау туралы мәміле; 2) мақсатты мәмілелер, яғни сот ісін жүргізуді жеңілдету туралы мәмілелер.

Мақсатты мәмілелер РФ ҚПК «айыпталушының оған тағылған айыппен келіскен жағдайдағы соттың қабылдайтын шешімінің ерекше тәртібі» деп аталады.

Процестік келісімнің қандай да түрін қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамдармен жасауға болмайды.

А.В. Смирнов және К.Б. Калиновский атап көрсеткендей, жалпы теориялық тұрғыда жеделдетілген және жеңілдетілген тәртіпте шешу бойынша қылмыстық процестің нысандары.

Англо-американдық құқықтық жүйеде жеделдетілген және жеңілдетілген нысандар суммарлы іс жүргізу деп аталады. Мұндай іс жүргізу онша ауыр емес қылмыстар бойынша қарастырылған. «Суммарлы» термині *summarium* деген латын сөзінен пайда болған, және – қысқа мәтіні, жинақталған, соңғы деген мағынаны білдіреді.

Соған қарамастан, суммарлы іс жүргізу жеделдетілген және жеңілдетілген іс жүргізудің бәріне бірей тән емес. Бұл ереже мұндай іс жүргізуді мақсатты іс жүргізу деп атаған, ресей заң шығарушысымен каперге алынған.

«Мақсатты» термині *celerantes* деген латынсөзінен пайда болған, жылдам, шапшаң деген ұғымды білдіреді.

Суммарлы іс жүргізуді мақсатты іс жүргізудің бір түрі ретіндегі қабылданған жөн.

Процестік келісім сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзбайды, өйткені заң тараптардың құқығы мен заңды мүдделерінің сақталуының қосымша кепілдіктерін қарастырады.

Заңда кінәні мойындау туралы мәміле жасаудың шарттары қарастырылған. Мұндай шарттарға мыналар жатады:

- 1) Адам процестік келісім жасау туралы ерікті түрде ниет білдірсе. Мұндай адам ретінде күдікті немесе айыпталушы бола алады;
- 2) Күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге дауласпаған жағдайда;
- 3) Күдікті, айыпталушы өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған жағдайда.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: К.Ж. Балтабаев Астана 2017-523б.
2. Қазақстан республикасының қылмыстық-процестік құқығы: Дәрістер курсы / Жалпы ред. Б.Х. Төлеубекова. Орыс тілінен қазақ тіліне ауд.:П.А. Алмағанбетов, С.Р Боранбаева, Н.А. Жұманбаева, Э.П. Кенжебекова.–Алматы, 2016-384 б.
2. Самарин В.И. Введение согласительных начал для сотрудничества в правоотношениях между органами уголовного преследования с обвиняемыми (подозреваемыми) в Республике Беларусь и Республике Казахстан // Хабаршы-Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Юриспруденция», № 4 (38), 2014. С. 23-27.
3. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть.
4. Учебник. Отв. Ред. – д.ю.н., И.И. Рогов и д.ю.н., проф. К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2016. – 448с.
5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан.  
Под редакцией: доктора юридических наук, профессора С. М. Рахметова. Заслуженного деятеля Республики Казахстан, доктора юридических наук, процессора И. И. Рогова.
18. Тисен О.Н. Судебное соглашение о сотрудничестве: авторская модель // Российская юстиция, № 2, 2016. С.75-77.

7. Багаутдинов Ф.Н., Нафиков И.С. Актуальные вопросы реализации в уголовном судопроизводстве досудебного соглашения о сотрудничестве // Российская юстиция, №11, 2015. С. 33-35.
19. Сот тәжірибесінде пайда болатын сұрақтар бойынша түсіндірмелер. Қылмыстық процестегі мәмілелер // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені. №10. 2015ж. 70-82 бб.
9. Джекебаев У.С. Уголовно-правовые и криминологические проблемы сделок о признании вины // Право и государство, № 2 (25), 2002. С. 55-58.
10. Алламурадов О. Обеспечение защиты лиц, содействующих раскрытию преступления // Юрист, №2, 2007г. С. 92-95.
11. Қаратаев Т.Ж. Қазақстан Республикасы қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының мәселелері//Жаңа саяси бағыт аясындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің өзекті мәселелері. Қазақстан Республикасы заң шығару институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Астана 2013.-451б.